

«Digital Camp – 2026» жазғы лагері

⚡ «Active Day» күні өтті! ⚡

Бүгін лагерь қатысушылары үшін қызықты әрі белсенді күн болды. Күн қабылдаудан басталып, балалар түрлі бой жазу жаттығуларын жасап, көтеріңкі көңіл-күймен жаңа күнге серпін алды.

🎯 «Fun Quest» квест ойындары барысында балалар тапқырлықтарын, ұйымшылдықтарын және жылдамдықтарын көрсетті.

🏆 «Sport Energy» спорттық жарыстарында қатысушылар белсенділік танытып, жеңіске деген жігерлерін дәлелдеді.

🎬 Күннің соңында «Kino Room» ұйымдастырылып, балалар қызықты фильм тамашалап, жақсы әсер алды.

🌸 Бүгінгі күн достыққа, көңілді сәттерге және жаңа әсерлерге толы болды.

#DigitalCamp2026 #ActiveDay #ЖазғыЛагерь #FunQuest #SportEnergy #KinoRoom
#БалаларДемалысы #БолашаққаҚадам







Жазғы сауықтыру лагерінің 3 күні – “Танымдық саяхат” күні

Digital Camp – 2026 🌿

Бүгінгі күн балалар үшін мазмұнды әрі қызықты өтті ✨

Күн лагерь қатысушыларын қабылдаудан басталып, сергітуге арналған бой жазу жаттығуларымен жалғасты 🦋

Балалар белсенді қатысып, жақсы көңіл-күйге бөленді.

🦋 «Жас натуралистер» бөлімінде табиғатпен етене танысып, жаңа білім алды.

👤 «Медбикемен 1 сағат» барысында денсаулықты сақтау бойынша пайдалы кеңестер берілді.

🌸 Осындай танымдық іс-шаралар балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді!

Digital Camp – 2026 | Болашаққа қадам



Digital Camp – 2026

🚀 «Болашақ – жастардың қолында» жазғы сауықтыру лагерінің 4- күні 🌸

Бүгін жазғы сауықтыру лагерінде балалар үшін танымдық әрі қызықты іс-шараларға толы ерекше күн өтті.

🌸 Күн қабылдаудан басталып, балалар бой жазу жаттығулары арқылы сергіп алды.

«Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі» акциясы аясында оқушылар мемлекеттік нышандарымыздың маңызын терең түсініп, патриоттық рухтарын нығайтты. 🌸 «Болашақ жастардікі» флешмобы балалардың белсенділігі мен ұйымшылдығын көрсетті. 🗣️ «RoboFest» іс-шарасында қатысушылар роботтар әлеміне саяхат жасап, заманауи технологиялар мен цифрлық мүмкіндіктер туралы қызықты мәліметтер алды. 📄 Күн соңында түрлі көңілді ойындар ұйымдастырылып, балалар көтеріңкі көңіл-күймен уақыт өткізді.

🌸 Digital Camp – 2026 лагерінің әр күні балалардың шығармашылығын, білімін және достық қарым-қатынасын дамытуға бағытталған.



«Digital Camp – 2026» жазғы сауықтыру лагерінің 5-күні 🌸

✧ Бүгінгі тақырып: «Болашақ жастардың қолында»

Лагерьдің бесінші күні қызықты да танымды іс-шараларға толы болды. Күн дәстүрлі түрде балаларды қабылдаудан басталып, көтеріңкі көңіл күй сыйлаған бой жазу жаттығуларымен жалғасты.


👤 Тәрбиеленушілер «Family Park» балаларға арналған ойын-сауық орталығында болып, түрлі ойындарға қатысып, сергіп қайтты. Бұл шара балалардың уақытын тиімді ұйымдастырып, достық қарым-қатынастарын нығайтуға ықпал етті.

📖 Сондай-ақ балалар «Жас ғалымдар зертханасына» саяхат жасап, зертхана жұмысымен танысты. Танымдық экскурсия барысында ғылыми құрал-жабдықтарды көріп, олардың қызметі туралы мағлұмат алды.


□ Зертханада оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, ғылымның қыр-сыры түсіндірілді. Балалар өз қолдарымен тәжірибелер жасап, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды.

✧ Бүгінгі күннің басты мақсаты – өскелең ұрпақтың ғылымға, білімге деген қызығушылығын оятып, олардың болашаққа деген сенімін нығайту болды. Өйткені еліміздің жарқын болашағы – білімді де білікті жастардың қолында!









6-күн: «Креативті контент» күні

Бүгін «Digital Camp – 2026» жазғы сауықтыру лагерінде «Креативті контент» күні ұйымдастырылып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған қызықты іс-шаралар өткізілді.

Күн дәстүрлі түрде балаларды қабылдаудан басталып, таңғы бой жазу жаттығулары арқылы көтеріңкі көңіл-күй қалыптастырылды. Сергіту жаттығулары балалардың белсенділігін арттырып, күнге сергек бастау жасауға мүмкіндік берді.

Іс-шара барысында оқушылар арасында «Tik-Tok Style» тренд билері ұйымдастырылып, балалар өз өнерлері мен би шеберліктерін көрсетті. Бұл бөлім қатысушылардың сахна мәдениетін қалыптастырып, өзіне деген сенімділігін арттырды. Сонымен қатар, балалар мини-vlog түсіру жұмыстарына қатысып, лагерьдегі қызықты сәттерді бейнежазбаға түсіріп, контент жасаудың қыр-сырын үйренді. Бұл тапсырма олардың шығармашылық ойлауын дамытып, цифрлық сауаттылықтарын арттыруға ықпал етті. Күннің соңында «Photo Vibes» фотосессиясы өткізіліп, балалар ерекше естеліктерге толы жарқын сәттерді суретке түсірді. Фотосессия барысында қатысушылар өздерінің креативті идеяларын жүзеге асырып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. ✨ «Креативті контент» күні балаларға жаңа тәжірибе, жарқын эмоциялар мен шығармашылық шабыт сыйлаған ерекше күн болды!









Digital Camp – 2026

7-күн – «Өлке тану әлеміне саяхат» күні

Бүгін жазғы сауықтыру лагерімізде оқушылар туған өлкенің тарихы мен табиғатын танып-білуге арналған қызықты іс-шараларға қатысты.

Күн дәстүрлі қабылдаудан басталып, балалар бой жазу жаттығуларын орындап, көтеріңкі көңіл-күймен жаңа күнге серпін алды.

Одан кейін тәрбиеленушілер өлке тану музейіне саяхат жасап, туған жеріміздің бай тарихымен, мәдени мұрасымен және құнды жәдігерлерімен танысты. Танымдық экскурсия барысында балалар өз өлкесіне деген қызығушылықтарын арттырып, тарихи деректер туралы көптеген мағлұмат алды.

Күннің шығармашылық бөлімінде «Туған өлкенің табиғаты» тақырыбында сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар туған жердің көркем табиғатын өз қиялдары арқылы бейнелеп, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. ✨ Өлкенің өткені мен бүгініне көз жүгіртіп, табиғатын дәріптеген бұл күн балаларға жаңа білім мен ерекше әсер сыйлады.



Digital Camp – 2026 🌸

Жазғы сауықтыру лагері 🍷 🍷

Бүгін лагерь тәрбиеленушілерге таза ауада демалып, табиғат аясында көңілді пикник ұйымдастырылды.

Оқушылар түрлі қызықты ойындарға қатысып, белсенді уақыт өткізді. Командалық ойындар арқылы ұйымшылдықтарын арттырып, достық қарым-қатынастарын нығайтты. 🏠 🍷

🌿 Таза ауа – денсаулық кепілі, ал көтеріңкі көңіл-күй – жарқын жаздың бастауы! ☀️ 🏠 🍷



Digital Camp – Болашаққа қадам 🌸 Лагеріміздің жабылу салтанаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көтеріңкі көңіл-күйде өтті. Салтанатты шара барысында оқушылар өз

өнерлерін көрсетіп, күй тартып, әсем әндер орындап, би биледі. Лагерьде өткен қызықты күндер мен жарқын сәттер еске алынып, балалар ерекше әсерге бөленді. Лагерь жұмысына белсенді қатысып, шығармашылық қабілеттері мен таланттарын таныта білген оқушылар Алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Жазғы демалыстың қызықты әрі мазмұнды өтуіне үлес қосқан барлық оқушыларға, ата-аналарға алғысымызды білдіреміз!

🌟 Digital Camp – Болашаққа қадам лагерьінде өткен әрбір күн балалардың жарқын естелігіне айналып, жаңа достық пен жаңа жетістіктерге жол ашты. ❤️🌟📖🎉



